

Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2022 жылғы 11 ақпандағы № 15/13-VII шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха аудандық мәслихатының хатшысы

М. Желдыбаев

Шемонаиха аудандық
мәслихатының
2022 жылғы 11 ақпандағы
№ 15/13-VII шешімімен
бекітілді

Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі ЖОСПАР

Кіріспе

Осы Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Каменевский ауылдық округі аумағындағы жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) осы жоспардың 1-қосымшасына сәйкес;

2) Каменевский ауылдық округі аумағындағы жайылым жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың тізімі осы жоспардың 2-қосымшасына сәйкес;

3) Каменевский ауылдық округінің жайылым айналымдарының қолайлы схемалары осы жоспардың 3-қосымшасына сәйкес;

4) Каменевский ауылдық округі жайылымдарының сыртқы және ішкі шекаралары мен аудандары көрсетілген карта осы жоспардың 4-қосымшасына сәйкес;

5) Каменевский ауылдық округіндегі су көздеріне жайылым пайдаланушыларының қол жеткізу схемасы осы жоспардың 5-қосымшасына сәйкес;

6) Каменевский ауылдық округіндегі жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы, осы жоспардың 6-қосымшасына сәйкес;

7) Каменевский ауылдық округінің ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі осы жоспардың 7-қосымшасына сәйкес жасалды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректерді, олардың иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, малдардың түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының басын қалыптастыру туралы мәліметтерді, мәдени және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктерін, мал айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректерді ескере отырып қабылданды.

Каменевский ауылдық округі Шемонаиха ауданының оңтүстік-батыс бөлігінде, Уба өзенінің сол жақ жағалауының бойында орналасқан. Әкімшілік орталығы – Рассыпное ауылы Шемонаиха қаласының аудандық орталығының 14,5 км оңтүстігіне қарай орналасқан, округте 5 елді мекен бар.

Каменевский ауылдық округінің жалпы ауданы 36261 га құрайды, оның ішінде санаттар бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - 30074 га;

елді мекендердің жерлері - 3697 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер – 551 га;
су қорының жері – 85 га;
қор жерлер - 1854 га.

Табиғи-климаттық аймақтар: таулы шалғынды-дала, тау бөктеріндегі далалық орташа ылғалды. Климаты ауа температурасының үлкен тәуліктік және жылдық амплитудасымен кенет континенті, жылдық орташа жауын-шашыны 360-390 мм. Қысы қатты, жазы ыстық, ең төмен ауа температурасы -45, ең жоғары +40. Жылдық орташа температурасы +10. Салыстырмалы ылғалдығы-68 %.

Тұрақты қар жамылғысы қараша айының ортасында орнықтайды, сәуір айының бірінші онкүндігінде кетеді. Аязсыз кезеңнің ұзақтығы 130-150 күн.

Негізгі су артериясы Уба өзені болып табылады, округ аумағында оған бұлақтардың үлкен көлемі құйылады. Негізгі ауылшаруашылық сумен жабдықтау шалағай суларда негізделіп жатыр, ал су көздерінің жеткілікті көлемі жайылым алқаптарының толық сулануын қамтамасыз етеді.

Аумақтың топырақ жамылғысы тау-орман қышқыл және тау-орман ашық сұр топырақтармен көрсетілген, қара топырақтар (күлгінделген, сілтісізденген, онтүстікті және кәдімгі), қызғылт топырақ, жайылмалық-шалғындық топырақтармен көрсетілген.

Өсімдік жамылғысы таулы далалы-жазық түрлі шөпті-дәнді жазық, орташа ылғалды және түрлі шөпті-дәнді далаланған.

Малды бағу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, елді мекендердің және қордағы жерлерге енетін жайылымдар пайдаланылады..

Округ аумағындағы шалғайдағы маусымдық жайылымдар жоқ.

Округте 1 ветеринариялық пункт жұмыс істейді, 1 мал қорымы, 1 бордақылау алаңшасы бар.

Каменевский ауылдық округі бойынша барлығы: ірі қара мал 3409 бас, оның ішінде сауын сиыр 1385 бас, ұсақ қара мал 1746 бас, жылқы 290 бас бар (№ 1 кесте).

№ 1 кесте

	Қолда бар мал басы			
	ІҚМ		ҰҚМ	Жылқылар
	барлығы	оның ішінде сауын		
Барлығы Каменевский ауылдық округі бойынша, оның ішінде:	3409	1385	1746	290
халқы	1071	388	1706	209
ШҚ және ЖШС	2338	997	40	81

Округтер бойынша жайылымдарға қажеттілікті есептеу "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығымен белгіленген жүктеме нормаларына сәйкес жүргізілді, округ орналасқан табиғи аймақты және жайылым түрін алғанда, қолда бар мал басына сәйкес ІҚМ жүктеме нормасы кезінде -2,5 га /бас, ҰМ-0,5 га/бас, жылқы - 3га / бас.

"Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес, Каменевский ауылдық округі жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін ауыл шаруашылығы малдарының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша 970 га елді мекеннің қолда бар жайылым алқаптары кезінде 2679 га құрайды (№2 кесте), жайылым жетіспеушілігі жоқ.

№ 2 кесте

№	Ауылдық округі	Жайылым ауданы, (га)	Сауын сиырлардың бар болуы (бас)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га)	Жетіспеушілігі, (га)
1	Каменевский	2679	388	2,5	970	жоқ

Елді мекен жерлерінің құрылымында ауыл шаруашылық алқаптар 3697 га, оның ішінде халық қажеттілігіне 2679 га алады.

Каменевский ауылдық округіндегі жергілікті халықтың мал басы келесіні құрайды: ірі қара мал 1071 бас, ұсақ қара мал 1706 бас, жылқы 209 бас.

№ 3 кесте

Округ атауы	Елді мекендерге бекітілген жерлер	Оның ішінде халық қажеттілігіне арналған жайылым алқаптар	Халықтағы ауыл шаруашылығы жануарлардың түрлері бойынша мал басының саны	оның ішінде		Бір мал басының орташа жүктемесі, га	Бағылатын жануарлардың нормативіне сәйкес жайылым қажеттілігі	Бағылатын жануарларға жайылымдардың қосымша қажеттілігі	Жайылымдардың бос учаскелері есебінен қажеттілікті орындау
				Қорада ұстау	Бағылатын				
Каменевский ауылдық округі	3697	2679					1521		жайылымдар қосымша талап етілмейді
Мал басы : ІҚМ			1071	665	406	2,5	1015	-1158	
ҰҚМ			1706	1366	340	0,5	170		
жылқылар			209	97	112	3	336		

Халықтағы бағылатын мал басына жайылым қажеттілігін есептеу кезінде округ бойынша қосымша жайылым талап етілмейді, жетіспеушілік жоқ.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамы 10176 га жайылым бар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы барлық жерлер жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың пайдаланылуында және меншігінде.

Округтің ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы мал басы –ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарында келісіні құрайды: ірі қара мал 2338 бас, ұсақ қара мал 40 бас, жылқы 81 бас. (№ 4 кесте).

№ 4 кесте

Округ атауы	Елді мекендерге бекітілген жерлер	Оның ішінде халық қажеттілігіне арналған жайылым алқаптар	Халықтағы ауыл шаруашылығы жануарлардың түрлері бойынша мал басының саны	оның ішінде		Бір мал басының орташа жүктемесі, га	Бағылатын жануарлардың нормативіне сәйкес жайылым қажеттілігі	Бағылатын жануарларға жайылымдардың қосымша қажеттілігі	Жайылымдардың бос учаскелері есебінен қажеттілік ті орындау
				Қорада ұстау	Бағылатын				
Каменевский ауылдық округі	30074	6856					3731		жайылымдар қосымша талап етілмейді
Мал басы : ІҚМ			2338	951	1387	2,5	3468	-3125	
ҰҚМ			40	0	40	0,5	20		
жылқылар			81	0	81	3	243		

Халықтағы бағылатын мал басына жайылым қажеттілігін есептеу кезінде округ бойынша ауыл шаруашылық құрылымдарында қосымша жайылым талап етілмейді, жетіспеушілік жоқ.

Ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалану кезінде астықтың жем-шөптік қасиеті мен табиғи және егілген жайылымдардың астық алымын төмендетуге жол бермеу үшін, жайылым айналымын сақтау қажет, ол жем-шөп базасының жағдайын жақсартады.

Белгілі тәртіппен (маусым ішінде, бір жылдан кейін немесе бірнеше жылдардан кейін) жайылым айналымын пайдалану мерзімдері мен тәсілдері өзгеретін жайылымдарды пайдалану мен күтудің жүйесі жайылым айналымы деп аталады. Ол үшін мерзім бойынша мал жаю ауысымы мен шабындықты кезекпен ауыстырып отырады, жайылымға демалуға мүмкіндік береді.

Табиғи-климаттық жағдайлар мен жайылымдардың нығыздылығына қарай (әсіресе тұрғындармен пайдаланылатын жайылымдарға белсенді қатысты) жыл маусымының ағымында айдаулардың дәйекті түрде ауысуымен үш айдаулық сызбасын көздейтін,


ауысымдық-маусымдық жайылым айналмасы пайдаланылады. Жайылым айналманың осындай сызбасында әр учаскені айдауларға бөлу керек: маусымның басы, ортасы және соңы үшін.

Жайылым айналымының қолайлы кестесін есепке ала отырып, жайылым айналымын мал бағуға арналған жайылымдарды ұйымдастыру кезінде пайдалану қажет, осы жоспардың 3-қосымшасына сәйкес.

Әзірленген Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалануға, олардың жағдайын, деградация үдерісін болдырмауға мүмкіндік береді.

Шемонаиха ауданының
Каменевский ауылдық округі
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға
1-қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Каменевский ауылдық округі аумағындағы жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Шартты белгілер

- халықтың малын жаю үшін қолданылатын жайылымдар
- ауыл шаруашылық құрылымдарының жайылымдары
- жер учаскелердің менші иелері мен жер пайдаланушылары

Шемонаиха ауданының
Каменевский ауылдық округі
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға
2-қосымша

Каменевский ауылдық округі аумағындағы жайылым жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың тізімі

№	Ж е р пайдаланушының атауы	Жайылым ауданы (га)	Түрлері бойынша қолда бар малдар (бас)		
			ІҚМ	ҰҚМ	Жылқы
1	Ананин Владимир Васильевич	40	0	0	0
2	Антропов Борис Изотович	29	0	0	0

3	Арпабаев Серик Каримбекович	394	0	0	0
4	Боровиков Сергей Иванович	15	0	0	0
5	Бочкарев Александр Сергеевич	4	0	0	0
6	Бочкар Үв Михаил Федорович	8	0	0	0
7	Востьянов Владимир Александрович	7	0	0	0
8	Глушков Иван Сергеевич ФХ	1	0	0	0
9	Глушков Сергей Алексеевич	70	0	0	0
10	Головин Александр Власович	8	0	0	0
11	Дегтярев Виктор Алексеевич	16	0	0	0
12	Дорофеев Николай Владимирович	24	0	0	0
13	Жуковский Иван Николаевич	80	0	0	0
14	Жуковский Станислав Николаевич	102	210	40	10
15	Захаренко Александр Владимирович	17	0	0	0
16	Исаков Алексей Евгеньевич	3	0	0	0
17	Касимов Владимир Викторович ФК КС	84	0	0	0
18	Крючков Евгений Иванович	4	0	0	0
19	Кулик Вячеслав Владимирович	5	0	0	0
20	Лисасин Евгений Васильевич	7	0	0	0


21	Лукич Ұва Наталья Ивановна	5	0	0	0
22	Мартынов Иван Николаевич	18	0	0	0
23	Молодых Игорь Алексеевич	18	0	0	0
24	Моноенко Сергей Михайлович	35	0	0	0
25	Москаленко Сергей Владимирович	7	0	0	0
26	Мукушев Болаткан Мырзаканович	6	0	0	0
27	Нестеренко Павел Алексеевич	15	0	0	0
28	Никитин Андрей Владимирович	19	0	0	0
29	Никитина Наталья Николаевна	27	0	0	0
30	Подкорытов Александр Константинович	13	0	0	0
31	Пятков Станеслав Веннаминович	10	0	0	0
32	Рауш Александр Александрович	390	232	0	0
33	Рауш Александр Александрович ФҚ	40	0	0	0
34	Рыков Александр Алексеевич ФҚ ҚС	15	0	0	0
35	Сахаров Вадим Анатольевич ФҚ ҚС	81	0	0	0
36	Себелев Михаил Васильевич	22	0	0	0
37	Сердюков Иван Николаевич	57	0	0	33

38	Сердюков Николай Иванович	139	456	0	0
39	Сердюков Сергей Николаевич	1	0	0	0
40	Сидоров Юрий Васильевич	3	0	0	0
41	Смагин Сергей Александрович	8	0	0	0
42	Солодков Николай Николаевич	12	0	0	0
43	Сухорукова Людмила Васильевна	54	0	0	0
44	Сыч У в Александр Васильевич	3	0	0	0
45	Тарановский Николай Петрович	1	0	0	0
46	Тетерин Алексей Алексеевич	13	0	0	0
47	Трещеткин Виктор Александрович	11	0	0	0
48	Филимонов Александр Николаевич	6	0	0	0
49	Хайтен Александр Григорьевич	245	0	0	0
50	Хайтен Алексей Григорьевич	12	0	0	0
51	Шипулин Алексей Васильевич	208	655	0	37
52	Шипулин Сергей Васильевич ФҚ ҚС	375	0	0	0
53	"Арпабаев" ЖШС	791	0	0	0
54	"АрсеМира" ЖШС	86	0	0	0
55	"АРАРАТ" ЖШС	121	0	0	0

56	"АСТЫК VSP" ЖШС	68	0	0	0
57	"Иртыш-Агро 2013" ЖШС	98	0	0	0
58	"КИЕВКА" ЖШС	3	0	0	0
59	"Коневское" ЖШС	275	0	0	0
60	"Рассыпное" ЖШС	13	0	0	0
61	"Рулиха" ЖШС	2279	696	0	0
62	"Воробьев Н.и Ко" КС	3	0	0	0
63	"Миг"ӨК	80	0	0	0
64	" Шемонаихински й колледж" МКМ	252	0	0	0
65	Кудрявцев Юрий Львович	0	25	0	1
66	Горбачев Сергей Николаевич	0	52	0	0
67	Федорова Асель Алексеевна	0	12	0	0
		6856	2338	40	81

Шемонаиха ауданының
Каменевский ауылдық округі
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға
3-қосымша

Каменевский ауылдық округінің жайылым айналымдарының қолайлы схемалары




Шартты белгілер

- 1 - мал жаюдың күнтізбелік кестесіне сәйкес айдау нөмірі
- 1 айдау шекарасы - алаңы 894 га
- 2 айдау шекарасы - алаңы 892 га
- 3 айдау шекарасы - алаңы 893 га

Шемонаиха ауданының
Каменевский ауылдық округі
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға
4-қосымша

Каменевский ауылдық округі жайылымдарының сыртқы және ішкі шекаралары мен аудандары көрсетілген картасы




Шартты белгілер

- жайылымның сыртқы шекаралары
жайылымның ішкі шекаралары мен алаңы
- 1 айдау шекарасы - алаңы 894 га
- 2 айдау шекарасы - алаңы 892 га
- 3 айдау шекарасы - алаңы 893 га
- 1 - мал жаюдың күнтізбелік кестесіне сәйкес айдау нөмірі

Шемонаиха ауданының
Каменевский ауылдық округі
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға
5-қосымша

Каменевский ауылдық округіндегі су көздеріне жайылым пайдаланушыларының қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер

- халықтың малын жаю үшін қолданылатын жайылымдар
- ауыл шаруашылық құрылымдарының жайылымдары
- - су көздері (өзендер, бұлақтар, тоғандар)
- су көздеріне малдарды айдау маршруты

Шемонаиха ауданының
Каменевский ауылдық округі
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға
6-қосымша

Каменевский ауылдық округіндегі жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы



Шартты белгілер

- халықтың малын жаю үшін қолданылатын жайылымдар
- ауыл шаруашылық құрылымдарының жайылымдары
- жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы - алаңы 1854 га
- малдарды айдау маршруты

Шемонаиха ауданының
Каменевский ауылдық округі
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі жоспарға
7-қосымша

Каменевский ауылдық округінің ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

	1 айдау	2 айдау	3 айдау
Мал жаю кезеңі	Ауданы, га		

	894	892	893
2022 жыл	мамырдың 1 он күндігі-маусымның 3 он күндігі	шілденің 1 он күндігі-тамыздың 3 он күндігі	қыркүйектің 1 он күндігі-қазанның 3 он күндігі
2023 жыл	қыркүйектің 1 он күндігі-қазанның 3 он күндігі	мамырдың 1 он күндігі-маусымның 3 он күндігі	шілденің 1 он күндігі-тамыздың 3 он күндігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК